



2024-2028 жылдарға арналған Қарағанды облысы Нұра ауданының коммуналдық қалдықтарын басқару бойынша бағдарламасын бекіту туралы

Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2024 жылғы 17 мамырдағы № 92 шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Нұра аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024-2028 жылдарға арналған Қарағанды облысы Нұра ауданының коммуналдық қалдықтарын басқару бойынша бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

К. Жунусбеков

Нұра аудандық мәслихатының

2024 жылғы 17 мамырдағы

№ 92 шешіміне

қосымша

2024-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ НҰРА АУДАНЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУ БОЙЫНША БАҒДАРЛАМАСЫ

2024 ж.

МАЗМҰНЫ 3

КІРІСПЕ 4

Аймақтың негізгі сипаттамалары 4

Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі 5

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар құрылған ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және т.б. 6

1. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ НҰРА АУДАНЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ 7

1.1 Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау 7

Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер (бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған техника, сұрыптау, қайта өңдеу жөніндегі қуаттар, ҚТҚ полигондары және т. б.) 7

ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер 8

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы 8

1.2 Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау 8

1.3 Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы бойынша бар нормативтік базасы 9

1.4 Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау 9

2. МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР 11

2.1 Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері 11

2.2 Қойылған мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді және экономикалық негізделген әдістермен қол жеткізу жолдары 11

2.3 Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері 13

3. ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, ЖОЛДАРЫ 15

4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР 17

5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ 18

КІРІСПЕ

2024-2028 жылдарға арналған Қарағанды облысы Нұра ауданының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.05.2023 жылғы № 154 "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" бұйрығы негізінде әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының Экология кодексіне сәйкес, атап айтқанда Экология Кодексінің 329-бабында белгіленген иерархия қағидатына сәйкес әзірленеді.

Бағдарламада Нұра ауданының елді мекендерінде пайда болатын коммуналдық қалдықтардың сипаты (сипаттамасы), оның ішінде коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қолданыстағы инфрақұрылым, коммуналдық қалдықтарды жинау, үйінділеу, тасымалдау, сұрыптау, залалсыздандыру, қалпына келтіру және жою тәсілдерінің көлемі мен құрамы, түзілу жылдамдығы, жіктелуі, тәсілдері туралы мәліметтер ұсынылады.

Аймақтың негізгі сипаттамалары.

Нұра ауданы Қарағанды облысының батыс бөлігінде орналасқан.

Аумақтың рельефі ұсақ шоқылар мен жазықтармен ұсынылған. Аудан 1928 жылы қыркүйекте Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен Ақмола облысының құрамындағы әкімшілік бірлік ретінде құрылды. Аудан орталығы Нұра кенті. Нұра кенті облыс орталығынан солтүстік-батысқа қарай 165 км жерде орналасқан. Аудан аумағы - 46 326 ш. ш.

2023 жылдың соңында Нұра ауданы 25 ауылдық округтен тұрды. Ауданда барлығы 37 ауыл орналасқан.

Р/б №	Ауылдық округ	Елді мекендер
1	Нұра кенттік округі	Нұра кенті
2	Ақмешіт ауылдық округі	Ақмешіт ауылы, Қантай ауылы
3	Ахмет ауылдық округі	Ахмет ауылы
4	Байтуған ауылдық округі	Байтуған ауылы, Жанақұрылыс ауылы
5	Балықтыкөл ауылдық округі	Балықтыкөл ауылы
6	Баршын ауылдық округі	Баршын ауылы, Бестамақ ауылы
7	Дон ауылдық округі	Құланөтпес ауылы, Оразалы ауылы
8	Егінді ауылдық округі	Егінді ауылы
9	Жараспай ауылдық округі	Жараспай ауылы
10	Заречный ауылдық округі	Заречное ауылы
11	Индустриальный ауылдық округі	Тассуат ауылы
12	Қарой ауылдық округі	Қарой ауылы
13	Қарақойын ауылдық округі	Аққолка ауылы, Жанбөбек ауылы
14	Кенжарық ауылдық округі	Изенді ауылы, Кенжарық ауылы, Топаркөл ауылы
15	Көбетей ауылдық округі	Қызылжұлдыз ауылы, Өндіріс ауылы, Бірінші Май ауылы, Көбетей ауылы
16	Қорғанжар ауылдық округі	Кәрім Мыңбаев ауылы
17	Құланөтпес ауылдық округі	Актүбек ауылы, Құланөтпес ауылы, Нығман ауылы
18	Қызылтал ауылдық округі	Алғабас ауылы, Кертінді ауылы
19	Мұзбел ауылдық округі	Мұзбел ауылы
20	Сарыөзен ауылдық округі	Жүкей ауылы, Ткенекті ауылы
21	Соналы ауылдық округі	Соналы ауылы
22	Талдысай ауылдық округі	Талдысай ауылы
23	Тассуат ауылдық округі	Қайнар ауылы
24	Шахтер ауылдық округі	Шахтер ауылы
25	Шұбаркөл кенттік округі	Шұбаркөл кенті

Халықтың ең көп саны Нұра кентінде тұрады (5 440 адам).

Нұра ауданында ауыл шаруашылығы дамыған. Нұра ауданының аумағында " Шұбаркөл Көмір" АҚ, "Шұбаркөл Премиум" АҚ көмір өндіретін ірі көмір кен орны орналасқан.

Нұра ауданында мемлекет қорғауында 92 археология, сәулет, мәдениет тарихи ескерткіштері бар.

Халық санының динамикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша қабылданды. 2023 жылдың қыркүйегінде Нұра ауданының халық саны 22 267 адамды құрады. Оның ішінде қала халқы - 0 адам, ауыл халқы – 22 267 адам.

2019-2023 жылдар кезеңінде Нұра ауданындағы халықтың орташа жылдық саны 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Нұра ауданындағы 2019-2023 жылдар кезеңіндегі халықтың орташа жылдық саны.

Н ұ р а ауданындағы халық саны	2019	2020	2021	2022	2023
Адам					
Қалалық	0	0	0	0	0
Ауылдық	22 442	22 197	21 924	22 498	22 267

Нұра ауданындағы халық саны 2023 жылы азайды, 2022 жылмен салыстырғанда және 2023 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығында халықтың азаюы -0,92% құрады.

Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі.

Бағдарламаны әзірлеу қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әрі - ҚТҚ) жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі қызметтер кешенінің тиімділігін, сенімділігін, экологиялық және әлеуметтік қолайлылығын арттыру, ҚТҚ қайта өңдеу үлесін ұлғайту, сондай-ақ қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету үшін қажет.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 154-ө "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жоспарлы кезеңге кемінде 5 жыл мерзімге әзірленеді.

Бағдарлама келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

Қазақстан Республикасының 02.01.2021 жылғы № 400-VI Экология кодексі - 05.09.2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а . 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а . 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 "Техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы" бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға,

пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" бұйрығы.

Және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттар.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар құрылған ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және т.б.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс шаралар келесі Ұлттық стратегиялар мен даму жоспарларында қаралады:

Қазақстан Республикасы Президентінің 02.02.2023 жылғы "Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы" Жарлығы.

"Қалдықтарды басқару" бөлімі

3.3.1.4-бөлімі Қалдықтарды басқару

- 1) қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;
- 2) ҚТҚ жинау және сұрыптаумен толық қамтуды жеделдетіп енгізу;
- 3) қайта өңделетін және қордалатын қалдықтардың үлесін ұлғайту.

1. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ НҰРА АУДАНЫНДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІН ТАЛДАУ

1.1 Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау.

Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер (бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған техника, сұрыптау, қайта өңдеу жөніндегі қуаттар, ҚТҚ полигондары және т. б.)

Халықаралық тәжірибеде ҚТҚ жалпы құрамына кіретін, бірақ қайта өңдеу және/немесе көму тәсілімен ерекшеленетін үш "қалдықтар ағынына" сәйкес келетін үш бөлікке жіктеледі.

1. Коммуналдық қалдықтар.

2. Қауіпті ҚТҚ - адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен қасиеттері бойынша қауіпті қалдықтарға жатқызылуы мүмкін түзілу сипаты ұқсас өндіріс қалдықтары. Оларға келесі қалдықтар жатады:

- пайдаланылған батареялар мен аккумуляторлар;
- пайдаланылған электр және электрондық жабдық;
- құрамында сынап бар қалдықтар (люминесцентті шамдар мен термометрлер);
- медициналық және ветеринариялық қалдықтар;
- тұрмыстық химия қалдықтары;
- құрамында асбест бар қалдықтар;
- адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын басқа да қауіпті қалдықтар.

3. Басқа ҚТҚ - қауіпті емес және сонымен бірге аралас қалдықтарға жатқызуға болмайтын қалдықтар, өйткені оларды жинау, шығару және кәдеге жарату үшін бірінші ағынға қарағанда басқа тәсілдерді қолдану қажет. "Басқа ҚТҚ" келесі қалдықтарды қамтиды:

- құрылыс қалдықтары;
- ірі көлемді қалдықтар;
- кәдеге жаратуға жататын автомобильдер;
- пайдаланылған автомобиль шиналары;
- ағынды суларды қайта өңдеуден шыққан қалдықтар.

Нұра ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайы бойынша мәліметтер Ұлттық статистика бюросының сайтынан <https://stat.gov.kz/ru/> / "Талдау" Ұлттық статистика бюросының ақпараттық талдау жүйесінен <https://taldau.stat.gov.kz/ru/>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (Қарағанды облысының экология департаменті) ұсынған деректерден, жергілікті атқарушы органдардың деректері мен басқа да көздерден алынды.

2021 жылға дейін Нұра ауданында аудан тұрғындарынан коммуналдық қалдықтарды жинауды және сақтауды жүзеге асыратын 1 ұйым қызметін жүзеге асырды. Қазіргі уақытта Нұра ауданында қоқыс шығаратын ұйымдар, сондай-ақ коммуналдық қалдықтарды кез келген өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар мен ұйымдар жоқ.

2018 жылдан бастап Нұра ауданы бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі 1.1-кестеде келтірілген. Бұл ретте 2018-2020 жылдар кезеңіндегі деректер жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі-ЖАО) берген статистикалық деректер бойынша, 2021 – 2023 жылдар кезеңінде ұсынылған.

1.1-кесте. 2018 жылдан 2023 жылға дейін Нұра ауданы бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі.

Нұра ауданы	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Тонна						
Жиналған коммуналдық қалдықтар	230	243	273	8 200	4 900	4 800

Экология департаментінің және жергілікті атқарушы органдардың деректеріне сәйкес, Нұра ауданы бойынша тіркелген қоқыс шығаратын ұйымдар жоқ. Қоқысты шығаруды қалдықтарды тасымалдауға бейімделген техникасы бар жеке тұлғалар жүзеге асырады, шығару құны (тариф) бір адамға 215 теңгені құрайды.

2023 жылдың соңында Нұра ауданында коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған 155 контейнер бар (растайтын құжаттар жоқ).

Нұра ауданында қалдықтарды қандай да бір сұрыптау ұйымдастырылмаған. Қауіпті қалдықтарға арналған 6 контейнер бар.

ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер

Қарағанды облысы Нұра ауданының аумағында қалдықтарды қауіпсіз орналастыру және сақтау жөніндегі экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келетін ҚТҚ полигондары жоқ.

Бұрын аудан аумағында экологиялық әсер етуге рұқсаты бар полигондар болған, қазіргі уақытта рұқсаттардың қолданылу мерзімі өтіп кеткен. Жалпы саны - 27 бірлік.

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы Қарағанды облысының ауылдық елді мекендерінің деректері бойынша келтіріледі және 1.2-кестеде келтірілген.

1.2-кесте. ҚТҚ морфологиялық құрамы.

Р/б №	Фракция атауы	Жалпы көлемдегі мөлшердің %
2	Әр түрлі құрамдағы пластик	27
4	Шыны	15
5	Металл	3
8	Басқа қалдықтар	55

1.2 Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау.

Қалдықтар саны бойынша қолда бар деректер бойынша Нұра ауданында коммуналдық қызметтердің түзілуі тәулігіне 0,59 кг немесе 0,86 м³ құрайды.

Бекітілген норма абаттандырылған үй иелігінен 1,72 м³ және абаттандырылмаған үй иелігінен жылына 2,24 м³ құрайды.

Ауданда қалдықтарды шығару бойынша кәсіпорындар жоқ, арнайы техника жоқ.

Ауданда коммуналдық қалдықтарға арналған 155 контейнер бар. Контейнерлерге қажеттілік (қолданыстағы жағдайға) сыйымдылығы 0,7 м³ аралас қалдықтарға арналған 76 контейнерді құрайды. Немесе 195 контейнер максималды бекітілген жинақтау жылдамдығымен.

Нұра ауданы үшін келесі проблемалар анықталды:

- Ауданның елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару жоқ;
- Коммуналдық қалдықтарды шығаратын кәсіпорындар жоқ;
- Арнайы коммуналдық қалдықтарды шығаруға арналған техника жоқ;
- Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау жоқ;
- Қайталама шикізатты қабылдау пункттері жоқ;
- Эмиссияларға рұқсаты бар полигондар жоқ;
 - Күл қожын, органикалық қалдықтарды (көң, мал терісі), құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды жинау және шығару және оларды кәдеге жарату жүйелері жоқ.

1.3 Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы бойынша бар нормативтік базасы.

Жергілікті мәслихаттардың қалдықтардың пайда болу көлемі бойынша қолданыстағы шешімдері және оларды әкетуге арналған тарифтерді бекіту Нұра ауданы үшін жоқ.

Нұра аудандық мәслихаты қабылдаған коммуналдық қалдықтарға қатысты нормативтік құжат:

- Қарағанды облысы Нұра аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 440 "Нұра ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, сондай-ақ қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" шешімі.

- Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 39/05 " Нұра ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы" қаулысы.

Бекітілген жылдық жинақтау нормасы абаттандырылған үй иелері үшін – жылына бір адамға 1,72 м³, абаттандырылмаған үй иелері үшін – жылына бір адамға 2,24 м³ құрайды.

Қалдықтарды шығару тарифі бір адамға 215 теңгені немесе бір контейнерге 1500 теңгені құрайды.

1.4 Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау.

Жалпы облыс бойынша табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарларына және Қарағанды облысының даму жоспарына сәйкес Нұра ауданына қатысты іс-шаралар бар

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары мен Қарағанды облыстық мәслихатының 12.09.2021 жылғы № 129 шешіміне сәйкес - Қарағанды облысы бойынша қалдықтарды басқару бойынша мынадай іс-шаралар және 1.5-кестеге сәйкес қаржыландыру жоспарлары көзделген.

1.5-кесте. Қарағанды облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген қалдықтарды басқару жөніндегі қаржыландыру (мың теңге) жоспарлары бар іс-шаралар.

Р/б №	Іс-шараның атауы	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	2022	2023	2024	Қаржыландыру көзі
-	Сұрыптау желілерін көздей отырып, Нұра ауданы Нұра кентінде	Нұра ауданының әкімдігі	2024			577 530	

Қ Т Қ полигонын салу					Облыстық бюджет
----------------------------	--	--	--	--	--------------------

2024 жылға бекітілген бюджет бойынша жергілікті бюджеттен "Сұрыптау желісін көздей отырып, Нұра кентінде ҚТҚ полигонын салу" жобалық сметалық құжаттарды әзірлеу үшін 3,0 млн.теңге бөлінді.

Бұрын әзірленген жобалау-іздігіру жұмыстарының сметалық құны 2023 жылы жасалғандықтан, жобалау сомасы ағымдағы 2024 жылмен салыстырғанда аз болды. Бұл өткен жылдан бері мемлекеттік сатып алу порталында 2 рет тұрақсыз сатып алуға әкелді.

Биылғы жылы 2024 жылғы жаңа бағамен жұмыс құны 5,0 млн.теңгені құрады.

08.02.2024 жылы рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, қайта конкурс жарияланды, конкурс сомасы-5,0 млн. теңгені құрады.

06.03.2024 ж. конкурс аяқталды, конкурс қорытындысы бойынша Алматы қаласынан "Таза Су" жобалау-конструкторлық фирмасы" ЖШС жеңімпазы анықталды. Директоры Есперов Мәулен Мұратұлы. Тел.: 87475102303

11.03.2024 ж. № 8 шарт жасалды. Шарт сомасы- 4,592 млн. теңгені құрады.

Жобалау жұмыстары басталды.

2. МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР

2.1 Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері.

Бұл бағдарламаның мақсаты - коммуналдық қалдықтардан пайда болатын қоршаған ортаға жүктемені азайту, қалдықтардың пайда болу мөлшерін азайту, қайталама ресурстардың өндірілуін арттыру, коммуналдық қалдықтарды пайдалану тиімділігін арттыру және полигондарда депозиттелген қалдықтардың үлесін азайту және қалдықтарды сақтау мақсатында алып қоюға ұшыраған алаңдарды қалпына келтіру тәсілдерін ұсыну.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 19-бөлімімен регламенттеледі.

Қалдықтарды басқару саласындағы негізгі қағидалар Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 328-бабында сипатталған:

- иерархия принципі;
- көзге жақындық принципі;
- қалдықтарды дайындаушының жауапкершілік принципі;
- қалдықтарды өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері.

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 329-бабына сәйкес иерархия қағидаты қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мынадай шараларды білдіреді:

1. Қалдықтардың пайда болуын болдырмау;
2. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау;

3. Қалдықтарды қайта өңдеу;
4. Қалдықтарды кәдеге жарату;
5. Қалдықтарды жою.

Бағдарламаның мақсаттары мен қалдықтар иерархиясы қағидатына сүйене отырып, бағдарламаның келесі міндеттері ұсынылады:

Тауарларды орау санын азайту, сату жүйелерін оңтайландыру, ұтымды тұтынуды насихаттау есебінен коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;

Қалдықтарды "көзден" сұрыптау - қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы тиімділікті арттыру және экологиялық заңнамаға сәйкестігі – "құрғақ"/ "дымқыл";

Полигонда пайдалы компоненттерді барынша толық алу;

Қалдықтардың органикалық бөлігін биоқордалау немесе биогаз алу немесе энергетикалық кәдеге жарату үшін пайдалану;

ҚР экологиялық және эпидемиологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтардың қалдық бөліктерін сақтау;

Құрылыс қалдықтарын пайдалану;

Иесіз үйінділерді жою.

2.2 Қойылған мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді және экономикалық негізделген әдістермен қол жеткізу жолдары.

1. Коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту жөніндегі міндетке халықтың экологиялық жауапкершілігі мен қаржылық сауаттылығын арттыру деңгейінде ғана қол жеткізуге болады. Яғни, бұл мақсатқа сату құрылымы өзгерген кезде (орауыш материалдар санының едәуір азаюын, айналым контейнерлерін енгізуді, салмақ тауарларын сату құрылымының өзгеруін және т.б.) және өздігінен сатып алу минимумға дейін азайған кезде халықтың экологиялық жауапкершілігін арттыру және халық қалдықтарды азайтуға ұмтылған кезде қол жеткізуге болады. Бұған экология және жаратылыстану сабақтарында, сондай-ақ қаржылық сауаттылықты арттыру сабақтарында оқушыларды оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, халық арасында қалдықтардың пайда болуын және саналы тұтынуды азайтудың экологиялық насихатын арттыру қажет.

2. Халықтан қайталама шикізатты жинау үшін аудан тұрғындарынан қайталама шикізатты қабылдау пункттерін ұйымдастыру қажет, қабылдау пункттері үшін жер учаскелерін ресімдемеу үшін автокөлік базасында және қабылдау кестесінде мобильді нүктелерді қарауға болады.

3. ҚР СТ 3780-2022 "Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру үшін контейнерлерді орналастыру алаңдарына қойылатын жалпы талаптар" сәйкес тұрғындарды қоқысты ұйымдасқан түрде шығару жөніндегі қызметтермен қамтамасыз ету үшін контейнерлік алаңдарды жайластыру және үй иелерімен қоқысты шығаруға шарт жасасу қажет.

4. Қоқыс шығаратын техниканы сатып алу және оны қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін сенімгерлік басқаруға беру қажет. Техниканың тиеу құрылғылары контейнерлердің конструкциясына сәйкес болуы тиіс. Қалдықтардың әр түрлі фракцияларын қайталама шикізатпен жұмыс істеу талаптарын қамтамасыз ететін әр түрлі автомобильдер шығаруы керек. Контейнерлік алаңдардан қалдықтарды шығару контейнерлер толған кезде, бірақ тамақ қалдықтары үшін тәулігіне кемінде 1 рет жүзеге асырылуы тиіс. Барлық қоқыс шығаратын техника GPS-трекерлерімен жабдықталуы керек.

5. Халықтан және қазандықтардан шыққан күл-қож қалдықтарымен проблеманы шешу үшін шлак блоктарын өндіру жөніндегі кәсіпорындармен шарттар жасасу қажет. Халықтан күл қожын жинау үшін контейнерлік алаңдарда күл қожын жинауға арналған контейнерлер орнату немесе 3 жағынан қатты жабыны мен қоршауы бар және жергілікті тұрғындардың да, манипуляторлары бар тиеу техникасының да кіре алатын арнайы алаңдар ұйымдастыру қажет. Ауданның әрбір елді мекенінде, толтыру шамасына қарай әкетумен немесе жылыту маусымының соңында.

6. Құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі шешімді көздеу қажет ұсақтау-сұрыптау кешенін сатып алу немесе құрылыс қалдықтарын оларды пайдалануға мүдделі тиісті кәсіпорынға беруге шарт жасасу қажет.

7. Энергетикалық кәдеге жарату немесе қордалау әдісімен органикалық (көңді қоса алғанда) және тамақ қалдықтарын кәдеге жарату бойынша мәселені зерделеу және шешім қабылдау қажет. Бұл шешім әрбір елді мекен немесе ауылдық округ үшін қабылдануы тиіс.

8. Нұра кентінде қоқыс сұрыптау кешені бар ҚТҚ полигонын одан әрі жобалау және салу қажет.

9. Нұра ауданы үшін сұрыптау желісі бар тағы бір полигон салу мүмкіндігін қарастыру қажет. Полигонның орналасқан жері Нұра ауданының барлық аумағын коммуналдық қалдықтарды сұрыптау және сақтау есебінен таңдалуы тиіс. Ол үшін полигонның орналасқан жерінің сметалық есебі мен техникалық-экономикалық негіздемесін жүргізу қажет.

10. Нұра ауданының әрбір елді мекені үшін "Ташкент типі" бойынша қалдықтардың компоненттерін қабылдау үшін алаң салу қажет. Қалдықтардың құрамдас бөліктерін фракциялар бойынша қабылдау және оларды жинақталуына қарай қайталама шикізатты сақтау қоймалары бар сұрыптау кешендеріне шығару және оларды кейіннен пайдалану.

11. Қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған, бірақ әсер етуге рұқсаты жоқ және қазіргі заманғы талаптарға сай келмейтін қалдықтар полигондары (үйінділер) жойылуға, олар алып жатқан алаңдар қалпына келтірілуі тиіс.

2.3 Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері.

5	Күл-кож қалдықтарын жинау және пайдалану	%	-	0	0	0	10	20
6	Органикалық қалдықтармен көңді жинау және жою	%	-	0	0	20	25	30
7	Ақадыр кентінде сұрыптау желісі және қордалау қондырғылары жайластыру	Дана.	0	0	0	1	1	1
9	Коммуналдық қалдықтардың және олардың құрамдас бөліктерінің стихиялық үйінділерін табу және жою	анықталғандардан %	-	100	100	100	100	100
10	Рұқсаты жоқ ҚТҚ полигондарын қалпына келтіру	Дана.	0	1	2	3	4	5
11	Құрылыс қалдықтарын кәдеге жарату	пайда болудан %	-	20%	30%	35%	40%	45%
	Қалдықтарды ұйымдастырылған әкетумен қамтылмаған елді мекендердегі							

12	фракциялар бойынша қалдықтарды жинауға арналған алаңдарды ұйымдастыру	Дана.	-	0	0	0	1	2
13	Тұрғындардан қауіптілігі 1-класты қалдықтарды (батареялар, сынап шамдары) жинауды ұйымдастыру	%	-	10	15	20	25	30

3. ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, ЖОЛДАРЫ

Халықтан қайталама шикізатты қабылдау пункттері туралы ақпарат мемлекеттік органдардың ақпараттық стендтерінде және мемлекеттік қызметтер көрсету орталықтарында (ХҚКО), қоғамдық көлікте, қоғамдық ғимараттарда қолжетімді болуға тиіс.

Қосымша қалдықтардың пайда болуына жол бермеуді, сұрыптауды, сондай-ақ қоқысты таратуға жол бермеуді "ақылға қонымды тұтынуды" насихаттау міндетті түрде қосымша және мектептен тыс білім беру бағдарламасына енгізілуі тиіс. Осы тақырып бойынша іс-шаралар білім беру мекемелерінде тұрақты негізде ұйымдастырылуы тиіс.

Халықтан (фракциялар бойынша) қайталама шикізат жинау үшін Нұра кентінде стационарлық қабылдау пунктін немесе ауданның елді мекендеріне баратын мобильді қабылдау пункттерін құруға болады. Мобильді қабылдау пункттерінің жұмыс режимі болуы және халықты алдын ала хабардар ете отырып, мерзімді түрде елді мекендерге шығуы мүмкін.

Нұра ауданының басқа елді мекендерінен осы полигонға алдын ала сұрыпталған қалдықтарды қабылдау мүмкіндігімен Нұра кентінде қажетті жабдықтармен (сұрыптау желісі, ірі габаритті және құрылыс қалдықтарына арналған ұсатқыш, қордалы/инсинератор қондырғысы) жарақтандырылған және экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық заңнама талаптарына жауап беретін ҚТҚ полигонын салуды жалғастыру қажет.

Қазіргі уақытта коммуналдық қалдықтарды ұйымдастырылған әкетумен қамтамасыз етілген елді мекендер үшін ҚР СТ 3780-2022 сәйкес контейнерлік алаңдарды жарактандыру және коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау үшін таңбаланған контейнерлерді орнату қажет.

Сондай-ақ, ауданның әрбір кентіне кемінде 1 қауіпті қалдықтарға арналған контейнерлерге қызмет көрсетуге шарт орнату және жасасу қажет.

Нұра ауданының елді мекендері үшін пешпен жылытылатын және кейіннен шлак блоктарын өндіретін кәсіпорындармен немесе Нұра кентінің полигонына күл қожын әкетуге шарт жасасатын халықтан күл қожының қалдықтарын қабылдауға арналған алаңдар (контейнерлер орнату) салу қажет. Алаңның толтырылуына қарай әкетумен, бірақ жылына кемінде 1 рет (жылыту маусымы аяқталғаннан кейін).

Нұра ауданының ауылдық округтері үшін әрбір елді мекенде "Ташкент" үлгісіндегі фракциялар бойынша коммуналдық қалдықтарды жинауға арналған, қатты жабыны бар, тосқауыл және шатыр құрылғысы бар, техника үшін ыңғайлы кіреберісті жайластыра отырып және халық үшін қолжетімділігі бар алаңдарды орнату қажет. Қалдықтарды қабылдау алаңы қалдықтардың фракцияларын жинауға арналған таңбаланған контейнерлермен қамтамасыз етілуі тиіс: макулатура, металл, пластик, тоқыма. Сондай-ақ қауіптілігі 1-класты қалдықтарды жинауға арналған контейнермен (батареялар, құрамында сынап бар шамдар). Сондай-ақ ірі көлемді қалдықтарды қабылдау мүмкіндігі бар. Мұндай алаңдарда қалдықтар фракцияларын жинау кезінде үйлестіруді қамтамасыз ететін, сондай-ақ белгілі бір фракцияны шығару қажеттілігі туралы хабарлайтын қоқыс шығаратын компанияның өкілі болуы керек.

Органикалық (көң) және тамақ қалдықтарын пайдалану және жинау үшін ауданның әрбір елді мекенінде қордалау қондырғысын жайластыру қажет.

Кейіннен аумақты жоюмен және қалпына кетірумен стихиялық рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін анықтау бойынша мониторинг жүргізу қажет.

Нұра кентінде іске қосу кезінде Нұра ауданның қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін сұрыптау желісі бар 1 полигонның жеткіліктілігін қадағалап отыру қажет. Бір полигон жеткіліксіз болған жағдайда аудан аумағында халықтың қалған бөлігін және аумақты қамтитын сұрыптау желісі бар екінші полигон салу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Сондай-ақ қолданыстағы экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмейтін полигондарды жою және аумақты қалпына кетіру қажет.

4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР

Бағдарламаны қаржыландыру көздері жергілікті бюджет, оның ішінде Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 29-бабына сәйкес тікелей шетелдік және отандық инвестициялар, өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелерінің операторы (Кодекстің 388-бабының 1-тармағының 10)

2	тық стендте рде, хабарла ндыру тақтала рында және ауданн ың басқа да ақпарат тық ресурст арында матери алдард ың ақпарат тық пакетін орналас тыру	ақпарат тық матери алдар пакеті	әкімдік	2024					талап етілмей ді	" Көзден " қалдық тарды бөлек жинауд ы ұйымда стыру үшін дайынд ық жұмыст ары
3	Оқушы лар үшін қалдық тарды бөлек жинау және " ақылға қонымд ы тұтыну " туралы іс-шара ларды әзірлеу және өткізу	есеп	аудан мектепт ері мен коллед ждері	2024- 2028					талап етілмей ді	балалар ға арналға н ақпарат тық жұмыс
	Контей нерлік алаңдар мен күл қож және органик алық қалдық тарды жинау									Қалдық тарды жинауға арналға н алаңдар

4	алаңдары астында жерге құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу	құжаттар пакеті	аудан әкімдігі	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	ды өздігіне тасымалдау алынып тасталады
5	Нұра кентіндегі ҚР СТ 3780-2022 сәйкес контейнерлік алаңдарды жөндеу және жайластыру	пайдалануға қабылдау актісі	аудан әкімдігі	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Қалдықтарды бөлек жинау
6	Заңнамаларға және әкетуге қойылатын техникалық талаптарға сәйкес фракцияларға бөлек жинау үшін қолда бар контейнерлерді таңбалау	пайдалануға қабылдау актісі	аудан әкімдігі	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Қалдықтарды бөлек жинау
	Ауданның елді мекендерінде						

7	күл қож қалдықтарын қабылдауға арналған алаңдарды жайластыру	пайдалануға қабылдау актісі	аудан әкімдігі	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	табиғи полигондардың пайдалану болдырмау.
8	Ауданның елді мекендерінде қауіпті қалдықтарды жинауға арналған контейнерлерді сатып алу және орнату	орнату актісі	аудан әкімдігі	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	Қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды араластыруды болдырмау
9	Қауіпті қалдықтарға арналған контейнерлерге қызмет көрсетуге лицензиясы бар кәсіпорындармен шарттар жасасу	шарт	аудан әкімдігі	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес	Жергілікті бюджет	қауіпті қалдықтарды басқа фракциялармен араластыруды болдырмау
	Шет ауданының елді						

10	мекенд еріндегі фракциялар бойынша қалдықтарды жинауға арналған алаңдарды жайластыру	пайдалануға қабылдау актісі	әкімдік, қокыс шығаратын компаниялар	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес				Жергілікті бюджет	тұрғындардан коммуналдық қалдықтар фракцияларын жинау
11	Нұра ауданының әрбір ауылдық округінде тамақ және органикалық қалдықтарға арналған қордалау қондырғыларын салу	пайдалануға қабылдау актісі	ауылдық округ әкімдігі	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес				Жергілікті бюджет	органикалық қалдықтарды кәдеге жарату, тыңайтқыштар өндіру
12	Елді мекендерден фракциялар бойынша қалдықтарды әкетуге қокыс шығаратын ұйымда	шарт	ауылдық округ әкімдігі	2024-2028					талап етілмейді	қайта өңделген шикізатты жинау және

	рмен шарт жасасу									пайдалану	
13	Ауданның елді мекендерінен күл қожалдықтарын әкетуге шарттар жасасу	шарт	ауылдық округ әкімдігі	2024-2028						талап етілмейді	күл қожын шығару және пайдалану
14	Стихиялық полигондарды бақылау, анықтау және жою	акт	әкімдік, экология департаменті (келісім бойынша)	2024-2028	Бюджеттік өтінімге сәйкес					Жергілікті бюджет	стихиялық полигондарды жою
15	Нұра кентінде сұрыптау желісі мен қордалау қондырғысы бар ҚТҚ полигонын салу	пайдалануға қабылдау актісі	аудан әкімдігі	2024-2025	Бюджеттік өтінімге сәйкес					Жергілікті бюджет	заңнаманың талаптарына сәйкес қалдықтарды қабылдау, сұрыптау, жете өндіру және сақтау
16	Коммуналдық қалдықтардың бөлек жиналған фракцияларын әкету үшін қосымша техника	пайдалануға қабылд	әкімдік, қоқыс шығара		жобаға сәйкес					Кәсіпорындардың меншік	қайта өңдеуге жарамды қалдықтардың бөлек

	сатып алу және қоқыс шығартын кәсіпорындарға сенімгерлік басқаруға беру	ауықтісі	тың ұйымдар	2024-2028						ті қаражаты	жиналған фракцияларын араластырмау
17	Құрылыс қалдықтары үшін ұсақтау кондырғыларын сатып алу және сенімгерлік басқаруға беру	пайдалануға қабылдау ауықтісі	әкімдік	2024-2026						Жергілікті бюджет	құрылыс қалдықтарын қайта өңдеу
18	Эмиссияларға рұқсаты жоқ қолданыстағы ҚТҚ полигондарын жою және жерді қалпына келтіру	тарату ауықтісі	аудан әкімдігі	2024-2028	жобаға сәйкес					Жергілікті бюджет	жерді қалпына келтіру